

FTAMP 17.82.31

Ұ.Сәменқызы<sup>1</sup> (orcid - 0000-0002-2295-7052) – негізгі автор  
Ж.Д. Калиева<sup>2</sup> (orcid - 0009-0005-7073-4418)

<sup>1</sup>Филология ғылымдарының магистрі

<sup>2</sup>Филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

<sup>1,2</sup>М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті  
Тараз, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>ulpan.samenkyzy@mail.ru, <sup>2</sup>bika\_zhan@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/IEKB1132>

## ЖАЗУШЫ Е. ӘЛІМЖАННЫҢ «АНАЖАР» РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ БЕЙНЕСІ: АВТОР ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР ЖҮГІ

**Аңдатпа.** Әдебиеттің басты мақсаты – заман, қоғам шындығын бейнелеу. ХХІ ғасырда Қазақ елі Ресей патшалығының 300 жылдық отарлық езгісінен, одан кейінгі кеңестік дәуірдің отаршылдығынан құтылғанмен, Тәуелсіздікті баянды етудің, өзге елдермен қатар тұрар мемлекет құрудың жеңіл еместігін бастан кешіп отыр. Тәуелсіздікке тәубе дегенмен, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық, моральдік мәселелер күн тәртібінде өткір тұр. Қоғамның өзгерісі адамдардың санасына да үлкен өзгерістер әкелген. Жеке меншіктік сана орнықты. ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында да, қазірде де мемлекеттік меншікті талан-таражға түсіріп, қалайда баюды көксегендер шықты. Олар баюды мақсат тұтып, адалдық пен әділдікті белден басты. Қиянат пен жағымпаздақ, бақай есеп пен қулық-сұмдық, ашкөздік пен қанағатсыздық қатар жүрді. Жазушы Е. Әлімжанның «Анажар» романында ХХІ ғасырдағы осындай көкейкесті мәселелер мен моральдік жайлар суреттеледі. Көркем туындыда автор түрлі аспектіде қарастырылады. Себебі ол көркем туындыны жасаушы ретінде шығарманың барлық бөлігіне араласады. Соның бірі - автордың өзін толғантқан басты ой қазығын кейіпкер, оныңтағдыры арқылы бейнелеуі. Бұл ретте қаһарман сюжеттің қозғаушы күші ғана емес, тартыс аясында жазушының толғанысын, қоғам туралы алаңдаушылығы мен сыншылдық көзқарасын оқырманға көркем жеткізуші тұлға болып саналады. Мақалада авторлық идеяның кейіпкер тағдыры арқылы суреттелуі және өзге де әдеби-теориялық мәселелер жазушының қазіргі заман тақырыбына жазылған романы негізінде талданады.

**Тірек сөздер:** Қазіргі қоғам, роман, автор бейнесі, қаһарман, ішкі монолог.

**Кіріспе.** Автор, ең алдымен, нақты адам, көркем туындыны жасаушы, жазушы. Оның өмір жолымен, шығармашылығымен танысып, зерттеуге болады. Ал шығармадағы автор-баяндаушы өз алдына бөлек тұлға. Ол өмірдегі нақты автормен тікелей сәйкес келе бермейді. Шығармадағы автор образы оқырманның қабылдауымен, ой қорытуымен түзіледі. Алайда, автор мен автор образы арасында табиғи байланыс бары сөзсіз.

Әдебиеттанушы ғалымдар автор образына бірнеше тұрғыдан келеді. В.В. Виноградовтың пікірінше, автор образы көркем мәтіннің тілдік ерекшелігімен айқындалады [1]. Өйткені, тілдің құрылымы мен бейнелілігі, ойдың берілуі ешкімге ұқсамай, тек авторға ғана тиесілі болып келеді. Сондай-ақ авторлық позиция да суреттеліп отырылған дүниеге автордың қатыстылығын білдіреді. [2]. А.В. Есин шығармадағы автор бейнесін анықтауда авторлық позиция, авторлық бағалау, тіпті авторлық

идеал деген ғылыми атауларды пайдаланады [3]. Авторлық дүниетаным туындыда кейіпкер дүниетанымымен бірігіп кетеді. Автор оқырманмен кейіпкер атымен тілдеседі дейді ендігі бір пікірлер [4].

Әдебиеттің басты мақсаты – заман, қоғам шындығын бейнелеу. Оның қондырмалық сипаты осымен анықталады. Ал қай кезде де қоғам барынша күрделі. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында азаттық, оқу-ағарту идеясы бірінші кезекке шықса, XXI ғасырды өткен кезеңмен салыстыра алмайсың. Ресей патшалығы, одан кейінгі кеңестік отаршылдықтан құтылған Қазақ елі қазіргі уақытта Тәуелсіздікті баянды етудің, өзге елдермен қатар тұрар мемлекет құрудың жеңіл еместігін бастан кешіп отыр. Тәуелсіздікке тәубе дегенмен, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық, моральдік мәселелер күн тәртібінде бүгін қоғамда өткір тұрғаны белгілі. Қоғам қайраткері, саясаттанушы А. Айталы: «Бүгінгі қазақ ана тілдің аясында толық ұйыса алмай отыр» дей келіп, алаңдаушылығын жасыра алмай: «Саяси тұрғыдан дербес мемлекетпіз. Ал экономикалық жағынан азды-көпті дербестік алған шығармыз. Бірақ ақпараттық жағынан біз отарланған елміз. Біз әлі күнге дейін орыс ақпараттық кеңістігіндеміз» [5] дейді шындықтың бетін ашып. Бұдан да өзге түйткілді жайлар мен ұлт келешегіне алаңдаушылық мәселелері қазіргі қоғамда кездеседі. Қоғамның өзгерісі адамдардың санасына да үлкен өзгерістер әкелген. Қазіргі уақытта жеке меншіктік сана орныққан. XX ғасырдың 90-жылдарының басында да, қазірде демемлекеттік меншікті талан-таражға түсіріп, қалайда баюды көксегендер қоғамда көрініс береді. Олар қалай да баюды мақсат тұтып, адалдық пен әділдікті белден басты. Қиянат пен жағымпаздақ, бақай есеп пен қулық-сұмдық, ашкөздік пен қанағатсыздық қатар жүрді. Жазушы Е. Әлімжанның «Анажар» романында [6] XXI ғасырдағы осындай көкейкесті мәселелер, өзгерген қоғамдық психология мен моральдік жайлар суреттеледі.

**Зерттеу шарттары мен әдістер.** Зерттеу жұмысын орындауда қазіргі қазақ романдары мен бүгінгі әдебиеттің даму тенденциясы туралы, сондай-ақ қазіргі романдағы автор образы, автор мен кейіпкер байланысы, авторлық идеяның кейіпкер басындағы тартыспен, психологиясымен берілу жолдары, ішкі монологтың қызметі жөніндегі зерттеулер қарастырылды. Әрине, қай туындыда болмасын авторлық идея, өмір шындығы кейіпкерлер арасындағы тартыспен берілуі заңдылық. Дегенмен қазіргі романдарда кейіпкерлер санының мейлінше аз болып, жеке кейіпкердің тағдыры, оның өз ортасымен келіспеушілігінен туындайтын ішкі күйзелісі арқылы қоғамның өткір мәселелерін көтеру көрініс беруде. Мұндай жағдайда автор идеясының ауыр жүгі бас қаһарманға артылады. Осындай романның қатарында зерттеу нысанына жазушы Е. Әлімжанның «Анажар» романы алынып, әдеби-теориялық талдау жасалынды. Мұндай романда оқиғадан бұрын оның себебі мен салдарына кейіпкер психологиясы, ой талқысы тұрғысынан терең мән берілетіні белгілі. Романда ішкі монолог ерекше көркемдік қызмет атқарады. Осы және өзге де бүгінгі заманның бейнесін берудегі пайдаланылған көркемдік ізденістерге – психопоэтикалық және лингвопоэтикалық талдаулар жасалды. Мақаланы орындауда көркем мәтінді мақсатқа орай жүйелі талдау, салыстырулар жүргізілді.

**Әдебиетке шолу.** Тәуелсіздік кезең жылдары қазіргі романның тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік, жанрлық ізденістері туралы күрделі зерттеу жұмыстары жүргізілді [7]. Олардың ішінде қазіргі романның көкейкесті мәселелерін арнайы қозғаған белгілі ғалым Ш. Елеукеновтің «Тәуелсіздік дәуір романы», Н. Ақыштың «Заманауи тақырыптағы

романдар», «Қазақ мемуарлық романы», А. Қалиеваның «Жаңа Қазақстандық романдар», т. б. еңбектері бар. Қазіргі роман - мазмұн мен пішін, идеялық-концептуалдық жағынан жаңа тынысын ашқан жанр. Қоғам өзгерісі жанрға тың серпін әкелді. Өткен ғасырлар тарихы мен кеңестік кезеңдегі халықтың басынан өткен ашаршылық, қуғын-сүргін, қанды қырғын (1986) кезеңді жаңаша зерделеген туындылармен қатар қазіргі заманның өткір мәселелері де басты тақырыптарға айналды. Қазіргі романға дәстүрлі реализммен бірге модернистік, постмодернистік ағымдардың белгі-ерекшеліктері батыл енгені байқалады. Жазушы Е. Әлімжанның «Анажар» шығармасын талдауда әдебиеттану ғылымындағы қазіргі романға қатысты тың тұжырымдар мен көзқарастар, филологиялық талдаулар басшылыққа алынды.

**Зерттеу нәтижелері.** Қазіргі қоғамның күрделі көріністері өзек болған жазушы Е. Әлімжанның «Анажар» романы талданып, қаһарман тұлғасын жасаудағы көркемдік ізденістер анықталды. Шығарма бас кейіпкердің жан дағдарысына, арпалысына құрылған. Автор кейіпкер басындағы жағдайды бірде тікелей суреттесе, енді бірде оның ішкі әлемін сөйлетуге басымдық берген. Қоғамнан өз орнын таба алмаған жанның «неге?», «бұл қалай?» деген сұрақтары ішкі монологтың мағыналық-стильдік сипатын күшейткен. Авторлық идея кейіпкер монологымен өрістетілген. Романда оқиғадан бұрын оның салдарын суреттеуге кең орын бөлінген. Ішкі монолог – психологиялық талдау қаһарман тұлғасын бейнелеудің басты көркемдік тәсіліне айналған. Шығарма Анажардың ой талқысымен берілетіндіктен, сюжеттік байланыстар, мезгіл мен мекен жылдам ауысып отырады. Роман - жанрлық түр жағынан психологиялық-философиялық шығарма. Туындының этнографиялық сипаты, пейзаждың көркем көріністері автордың дүниетаным кендігін танытқан. Жазушы проза тіліндегі ырғақты кейіпкердің жан дүниесінің иірімімен үйлестіріп, синтаксистік қайталауларға барған. Бас қаһарман еркін ойлы. Жемқорлық, жағымпаздық етек алған қоғамда адамдықты сақтаудың қиындығын бастан кешкен. Жолы ауыр, тағдыры қиын тұлға. Роман - Тәуелсіздік кезең әдебиетінің жемісі. Әдебиеттану ғылымының осы және өзге де мәселелері туралы шығарманы талдау барысында ғылыми ойлар тұжырымдалды.

**Ғылыми нәтижелерін талқылау.** Роман бас кейіпкер Анажардың дағдарысты, күйзелісті кезімен басталады. Мына өмірден баз кешкендей. Тығырыққа тірелген ішкі әлемі о дүниеге, мәңгілік тыныштыққа асығады. Қазақтың ұғымында жоқ – өз моласын өзі қазу - туындыда ширыққан күйзелістің кульминациясына айналған.

«Өлу керек, өлу керек, кіру керек қара жерге, кету керек ана әлемге!...»

Әйелдің қос қолдап ұрған көк құрыш күрегі аңқасы кепкен бөктердің берішіне тиген сайын қалай шақ-шақ етсе, санасында сұмандыған суық ой да солай сақ-сақ етеді» [6], - деп бейнелейді қаламгер.

Кейіпкердің жан дүниесін жаулап алған суық ойдың түйінін шешуге романның бүкіл желісі арналған. Шығарманың композициясы бас қаһарманның ішкі әлеміне, өткен өміріне, басынан кешкен қиындықтары мен жан дағдарысына құрылған. Бұл ыңғайда автор кейде кейіпкер басындағы ситуацияны тікелей суреттесе, ендігі бірде күйзелген, сан сұрақтың жауабын таба алмай дағдарған образдың өзін, ішкі әлемін сөйлетеді.

Бүгінгі заманның өткір мәселелерін бейнелеуде қаһарман қоғамның ушыққан түйткілдерімен бетпе-бет келуі, соқтығысуы, жеңіліс тауып, жан азабын тартуы тиісті. Ол үшін кейіпкер мінезді болуы шарт. Романдағы тартыстың өткірлігі де, бітімсіздігі де кейіпкер мінезімен тығыз байланысты.

Әдебиет теориясында конфликт басты екі категорияға бөлініп қарастырылады: сыртқы конфликт және ішкі конфликт. Ішкі конфликтте қаһарман өзінің әлсіздігін жеңуге, қиын шешім қабылдауға тырысса, сыртқы конфликтте кейіпкер сыртқы жағдайлармен (оның ішінде қоғамның күрделі мәселелері де бар) күреседі [8]. «Анажар» романының бас қаһарманы басындағы тартыс осылай түзілген. Ішкі конфликтте сыртқы фактордың әсері – қазіргі қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың Анажар түсінігіне сыймауы – нанымды беріледі.

Романның жазылу идеясында автор бүгінгі күннің өткір мәселелерін бас қаһарман басындағы әр алуан тартыстар ментұрлаусыз тағдыры арқылы бейнелеуді көздеген. Ондай жүкті көтеретін кейіпкердің болмысы өзгеше болуы керек-ті. Шынында, Анажардың тәрбиесі, қалыптасу ортасы, соған сәйкес мінезі басқаша болады. Ол кішкене күнінен Сандықтауда, әжесі мен атасының қолында еркін тәрбиеленеді. Сандықтау – қаладан жырақ тау бөктері, тұмса табиғат аясы. Ал адамдары қазақы дәстүр-салтты сақтаған кеңпейіл жандар еді. Осындай ортада ол бала күнінен адалдықты, әдемілікті әжесінің әңгімесімен тал бойына сіңіріп бұла өседі.

Психологиялық тартыс алғаш қыздың Тоқкент қаласына, туған әкешесінің қолына оқуға келумен басталған. Анажар туған әкешесінің үйінде жүріп жалғыздық күйін кешеді. Онымен сөйлесер, сыр бөлісер әкесі мен шешесі жоқ еді. Ерте кетіп, кеш келеді. Қызмет деп, жұмыс деп сабылған бір тынымсыз дүние. Автор осы эпизодпен қазіргі ұрпақ тәрбиесінде кездесетін келеңсіз мәселені аңдатып өткен. Сөйтіп, ата-анасы үшін де мұның жан дүниесі бірте-бірте жабылып, өз-өзімен тұйықталып, алыстай берген. Мектепте де өз ортасына сыйысып кете алмайды. Өтірік айта алмайтын шыншылдығы, бірбеткейлігі – сырт көзге әпенділігі оны шетке қаққан.

Адам тағдырының қоғамның маңызды мәселелерімен байланысты суреттелуі туралы М. Горький: «Көркем шығарма өмір шындығынан туады. Бірақ тіршілік бетінде шашырап жатқан құбылыс өздігінен тізіліп, бас құрамайды. Әдебиеттің қадірлі мүлкі саналатын туындылар өмір байланыстарын жан-жақты зерттеудің, жеке адамдар тағдырын үлкен қоғамдық даму заңдылықтарымен ұштастырудың нәтижесінде ғана пайда болады» [9], - дейді.

Автор қаһарманның бала күнінен де, тағдырдың тәлкегіне түскен кейін де өзгеше мінезді, өзіндік таным-түсінігінен таймайтын, ішкі қайсарлығы мол, абсолютті бірыңғай көзқараста суреттелуіне айрықша мән берген. Жалпы қоғамның өткір мәселелерін жазушының өз атынан да көтеруге мүмкіндігі бар, дегенмен ол көркем публицистика дәрежесінде қалар еді. Ал бар идеялық жүкті кейіпкерге артып, оны тағдырдың қатал сынақтарына қарсы қоюдың артықшылығы – қоғамның түйткілді жайларынан зардап шеккен қаһарманның алай-дүлей ішкі әлемін, қарсылығын, ашынуын суреттеуге мол мүмкіндік ашылар еді. Автор осы көркемдік тәсілді әдейі таңдап, шығармашылықпен өрістеткен. Анажар жаны жаралана отырып, бүгінгі орта туралы өткір ойларға, қорытындыларға келеді. Мұның ар жағында суреткерлік дүниетаным, азаматтық позиция тұрғанында сөз жоқ.

Әдебиеттанушы Т.Есембеков туындыдағы драматизмнің табиғаты жөнінде: «Драматизм - это в большинстве случаев рассогласование, несовпадение, противостояние, несовместимость каких-то начал, таким образом драматические ситуации по своей природе неустойчивы, обладают колебательным характером, им присущи напряженность и непредсказуемость, эмоциональная вибрация, хаотичность выбора, состояние

фрустраци» [10],- дейді. Анажар басындағы драматизм - сергелдең күйді бейнелеуде автор құрғақ баяндауға бармай, сюжеттің шиеленісімен күшейкен. Таудай көрер әке-шешесінің қаладағы жекешелендіруді басқарып отырған Ырзалы Өтербайұлын қонаққа шақырғандағы іс-әрекеті мен қылықтары Анажарға мүлде түсініксіз көрінеді. Бастықтың көңілін табамын деп олардың көрер көзге адамдықтан айырылып, шексіз жағымпаздануы, шешесінің қайдағы бір частушканы айтып, еденді тепкілеп, екі иінін жұлып жеп билей жөнелуі, ащы тер араласқан арақ-шараптың қолқаны атар мөңкіген иісі, орынсыз қошамет пен мағынасыз ыржаң, жәдігөй күлкі – қызды үйінен бездіреді.

«Мына көріністер соның бәрінің быт-шытын шығарды. Ол кішіпейілді емес, көлгірді, тәрбиеліні емес, жағымпазды, намыстыны емес, езді, ақ көңілді емес, зымиянды, адал пейілді емес, арам есепті көргенде көңілі су сепкендей басылып, жаны қатты жабықты.

Құдайым-ау, мен кімнен жаралдым? Қайдан шықтым? Тегім, тамырым осы ма?» [6] - дейді аласұрып.

Оғаш қылықты сөйтіп Анажар алғаш өзінің ең жақын адамдарынан көрген. Ардақ тұтар әке-шеше неге соншалықты ұсақтады? Дүниенің тетігін ұстаған, «жарты құдай» Ырзалы Өтербайұлы кім? Ситуация автор тарапынан күшейтілген. Сөйтіп, қоғамдағы келеңсіздік жөніндегі автор-кейіпкер толғамы бірігіп, өрістетіледі. Кейіпкер күйзелісі бүгінгі уақыт туралы ащы диалогке ұласады. Белгілі әдебиеттанушы М. Бахтиннің: «Табиғаты жағынан алғанда өмірдің өзі диалогқа толы» [11], - деген пікірі Анажар басындағы драматизмнің, жазушы стилінің табиғатын аша түскен.

Жаны қиналып, ойына тірек іздеген Анажар ойына әжесі айтқан әңгіме түседі. Әкесінің әкесі Әбдінұр сонау ашаршылық жылдары да ұрлық-қарлыққа бармай, құмда қақпан салып күн көрген ғой. Ал нағашы атасы Адамбай бүкіл аймаққа шарапаты тиген бай болған екен. Кеңес үкіметі мал-мүлкін тәркілеп, өзін жер аударып жіберген. Содан оралмапты. Әке-шешесі адалдықты, қайырымдылықты ту еткен солардың ұрпағы емес пе еді?

«Енді, мына сол кісілердің бүгінгі ұрпағына не болды? Тектіден текті туады дегені қайда? Әлде әжем маған әншейін ертегі айтып келді ме? Менің ата-бабаларым да, елдігі мен ездігі қатар жүретін кәдімгі пенде болып қана өтті ме өмірден? Олардың ұрпағы да солай бола ма? Бүкіл адамзатқа шыр етіп жерге түскеннен жабысып, ақырзаманға дейін алып барып, түбіне жететін айықпас дерт осы ма? Сонда тек те, тәрбие де, жүрек те, сана да шарасыз болғаны ма, бұл дерттің алдында? Бәлкім, бұл дерт емес, адамдардың ілуде бір ғана жасайтын амал-айласы ғана шығар? Иә, әке-шешемнің амал-айласы ғана бұл. Бұл мәселені шешудің басқа жолы жоқ болған соң амалсыз істеп отыр.

Оның жүрегіндегі бір нәзік сезім ата-анасын осылай ақтап алғысы келсе де, «неге жоқ?!» деп өре түрегелді әпенді қыздың бүкіл болмысы бұл ойына қарсылық көрсетіп. Жорға тарихшы апай қандай жағдайда да кісілікті болып қалудың қанша мысалдарын айтады. Содан соң өз әкесі Әбдінұрдың ешуақытта арын сатпай-ақ қақпан салып күн көргенін Анажар естігенде олар білмейді деймісің? Білсе, неге әкесі сияқты болмайды? Мынадай қорлықпен, ездікпен, жағымпаздықпен жиылған байлықта жылу бола ма? Байлыққа қанша малынса да былғанған жан жай таптыра ма?» [6]

Ішкі монолог – болған жайтты санасына сіңіре алмаған бас қаһарманның жан арпалысына құрылған. Ойына тиянақ таппай көңілде сан сұрақтар андыздайды. Автор сол күйзеліп, алас ұрған көңілдің сұрақтарына

басымдық беріп, ішкі монологтың мағыналық-стильдік сипатын күшейте түседі. Автор идеясы кейіпкер монологымен өрістетіліп, психологиялық-эмоциялық реңкте жандандырылады. Жалпы, романның тұтас бітімінде ішкі монолог – ой талқы басты орын алған. Шығарма оқиғадан бұрын оның салдарын, кейіпкердің жан-жүрегіне түсірген ауыр салмағын кеңірек суреттеуге бағытталады. Сөйтіп, ішкі монолог – психологиялық талдау – қаһарман тұлғасын ашудың негізгі көркемдік тәсіліне айналған.

Шығарма композициясындағы ішкі монологтың басымдық сипаты бас қаһарманның басынан өткерген оқиға-тартыстардың сатылы негізде емес, еске түсу, ойға алу ретімен берілуіне мүмкіндік жасаған. Бірақ тұтаса келгенде ішкі монологтар тікелей Анажарға қатысты болғандықтан, бірін-бірі толықтырып, логикалық байланыс сақталады. Ал адамның көңілі шексіз де ұшқыр. Бірде шарықтап алысқа кетсе, бірде кеше ғана болған жайтты еске алады. Сол себепті уақыт пен кеңістік романда тез алмасып өзгереді. Дегенмен оқырманды үйіріп алатыны да осы – кейіпкердің жан дүниесіндегі қазіргі өмірдің келеңсіз көріністерімен келіспеген арпалысты тұстар. Ұлы жазушы М.Әуезовтің: «Прозаға психологизм араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» [12], - деген пікірінің растығына көзің жетеді.

Автор Анажар басындағы ситуацияны ширықтыра түседі. Үйінен безінген Анажар одан да сорақыға кез болады. Сондағы тапқаны – ән сабағының мұғалімі Пенде еді. Жазушышығармада қыздың оны жақын тұту себебін дәлелді келтіреді. Олардың арасындағы байланыс – Анажардың романтикалы жан дүниесіне айрықша әсер еткен аққу-ән болатын. Сол кеште үйінен шошына қашқан қыз мектеп бөлмесінде әнді орындап жатқан Пендеге ебіл-дебілі шығып қалай жеткенін білмеген. Сөйтіп аласапыран көңіл әлдекімнен пана, жұбаныш іздеген. Әсем ән шығарған адамның ішкі әлемі де таза, сұлу деп санаған. Қателесіпті. Ар-намысы аяққа тапталғанда, өзін көшеге лақтырып тастаған лас қоқыстай сезінеді Анажар.

Бас қаһарман тағдырдың аяусыз тәлкегіне осылайша түседі. Шығарма Анажардың ой талқысы арқылы берілетіндіктен, сюжеттік байланыстар жылдам ауысып отырады. Аяғы ауырлаған қыздарын әке-шешесі амалсыз Сандықтауға – ата-әжесіне апарады. Туындыда кейіпкердің түсінігімен өрілетін екі әлем бар. Бірі – қаймағы бұзылмаған табиғат аясы, соған орай ата-баба дәстүрін берік сақтаған Сандықтау адамдары болса, екіншісі – Анажар түсінігіндегі мына өзгерген дүниенің күллі аярлығы мен қулық-сұмдығын жиған Тоқкент қаласы. Автор екі әлемді кейіпкер қабылдауымен бейнелейді. Дегенмен бұл салыстыруда шарттылық бар. Бір кездегі Мағжан ақынның дала мен қала тірлігін қайшылықта суреттеуін еске түсіреді. Өйтсе де, жазушы бұл көркемдік әдіске әдейі барған. Қазіргі заманның өзгерісі мен беталысын, кей пенделердің адамдыққа сыймайтын өлермендік психологиясы мен тамырынан үзілу процесін кейіпкер қабылдауымен терең бейнелеудің амалына айналдырған. Кейіпкер-автор байланысы күшейтіледі. Жазушы бас қаһарманмен бірге қазіргі қоғамға сын көзімен қарайды. Оның жақсылығы мен қайшылығын, ақша, байлық билеген заманда адамдық құндылықтардың құлдырауын, сөздің арзандауын (Анажар-Әділет байланысы) алдына тосады. Адамнан мейірім, қанағат деген сезімдердің алыстап бара жатқанын бейнелейді. Дағдарып, аласұрған тағдырдың суицидке баруы (Анажардың қызы Ақперіштенің өлімі) көрініс береді. Жемқорлық жайлаған қоғамның жаны адал, таза адамға қиын екенін аңғартады. Романдағы от пен суға түскен бас қаһарман Анажардың тағдыры- осының көрінісі.

Тұтастай алғанда, Анажардың қиын тағдырының себебі бір қарағанда қарапайым – қоғамдағы келеңсіздіктерді санасына сіңіре, келісе алмауы. Эпизодтық кейіпкер Пенде табанының бүрі жоқ қуыскеуде болып суреттелсе, Әділет те - заманы сындырған тұлға. Бәрі де ізгілікке құрылған заң аясында шешілуі керек дейтін ол ақырында күн көрісі үшін заң талабын аттап өтіп, имансыздыққа барады. Әділетпен құрған отауын сақтап қалуда Анажар бар қажыр-қайратын жұмсайды. Оның бұл қарекетінен М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанның, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілектің жан күйзелісі мен арпалысы аңғарылады. Шолпан мен Ақбілек ХХ ғасырдың басындағы әйел тағдырының бейнесі болса, Анажар - ХХІ ғасырдағы қоғамның озбырлығымен бетпе-бет келіп, келісім таба алмаған тағдыры күрделі тұлға. Арада жүз жылдың шамасында уақыт өткенмен, адамның жан дүниесіне түсірер қоғамның салмағы кемімеген. Өркениет өрістеді дегенмен, адамның күрделі жаны сол күйде. Әйел жанының терең суреттелуі шығармалардың ортақ сипаты.

**Қорытынды.** Романды жанрлық түр жағынан психологиялық-философиялық шығармаға жатқызуға болады. Туындының этнографиялық сипаты, пейзажды көркем суреттеуі автордың шеберлігін, дүниетаным кеңдігін танытады. Жазушы проза тіліндегі ырғақты кейіпкердің жан дүниесінің арпалысымен, иірімімен үйлестіреді. Ұйтқыған көңіл пернесін бейнелеуде синтаксистік қайталауға барады. Жазушының сөзге жаңа мағына беріп қолдануы құптарлық. Кейіпкер-автор ойымен берілетін философиялық толғамдар мен этнографиялық пайымдаулар, заманның жақсылыққа өзгерісін Абайдың «толық адам» ілімінен іздеген абыз-ғалым толғанысы (Бекемжан Шынахметұлы – прототипі профессор Мекемтас Мырзахметұлы), бала тәрбиесіне уақытында мән бермей опық жеген Далабай-Таугүлдің өкініші мен соңғы қарбаластары – романның мазмұнын байытқан. Шығармада шарттылық байқалады. Оны сюжеттің даму барысынан, кейіпкерлердің шартты аталуынан (Анажар, Ақтілеу, Далабай, Таугүл, Ақперіште, Пенде, Әділет) байқаймыз. Дегенмен, бұл кейіпкерлердің қай-қайсысы да замана жүгін, бейнесін айшықтаған.

Роман - Тәуелсіздік кезең әдебиетінің жемісі. Шығарманың басты жетістігі - қазіргі қоғамның күрделі, кейбір тұстағы қайшылықты сипатын шындық аясында бейнелеуге ұмтылысында. Сондықтан да туындының бас қаһарманы еркін ойлы. Рухы азат. Құлдық санадан ада. Тіршілікте алдынан шыққан түрлі келеңсіздіктерге – имансыздыққа, екіжүзділікке, жағымпаздыққа, құлқынқұмарлыққа, арам ойға – шама-шарқы жеткенше қарсы тұрады. Бірақ жолы болмай, жеңіліп жатады. Сонда да ол адамдығын, адалдығын жоғалтпауды ойлайды. Адамдықтан айырылу – өмірдің мәнін жоғалту деп түсінеді.

«Елен Әлімжан прозасының шоқтығы биігі, сөз жоқ, «Анажар» романы. Бұл романда адамның да, заманның да шындығы шиыршық атып жатыр» [13], - дейді ғалым И. Жеменей.

2022 жылы жазушы «Анажар» романы үшін «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Купина, Н.А. Лингвистический анализ художественного текста: учеб. Пособие [Текст] / Н.А.Купина. - М., 1980. – 75 с.

2. Николина, Н.А. Филологический анализ текста; учеб. пособие [Текст] / Н.А.Николина. - М., 2003. – 256 с.
3. Есин, А.В. Принципы и приемы анализа литературного произведения: учебн. пособие. [Текст] / А.В.Есин. - М., 2000. – 248 с.
4. Широкова, Н.А. Образ автора в художественном произведении: отражение отражаемого [Текст] / Н.А.Широкова // Вестник Челябинского государственного университета. - 2014. - №23 (352). Филология. Искусствоведение. Вып. 92. С. 103-106.
5. Амангелді Айталы, қоғам қайраткері: отарсыздану мәдениет пен руханият арқылы келеді. [Электронды ресурс]. – кіру режимі: <http://www.ulys.kz/news/67-bardy-bar-zhokty-zhok-dieuimiz-kieriek> Жүгінген күні: 07.07.23
6. Әлімжан, Е. Анажар [Мәтін]: Роман / Е. Әлімжан. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2019. – 288 б.
7. Баязитов, Б.Б., Хуатбекұлы, Е. Қазақ романдарындағы ізденістер жайлы зерттеулер [Мәтін] /Б.Б. Баязитов, Е. Хуатбекұлы// Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті хабаршы. Филология сериясы. - 2018. - №2 (170). – Б. 15-21.
8. Конфликт в литературных произведениях. [Электронный ресурс]. – кіру режимі: <https://services.selfpub.ru/poleznoe-dlja-pisatelej/konflikt-v-literaturnyh-proizvedeniyah> Жүгінген күні: 07.07.23
9. Горький, М. Әдебиет туралы. [Мәтін] / М.Горький. - Алматы: Жазушы, 1964. – 125 б.
10. Есембеков, Т. Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе. [Текст]: Автореф. докт. филол.наук. - Алматы: 1998. – 14 с.
11. Бахтин, М.М. Эстетика словесного творчества. [Текст] / М.М.Бахтин – М.: Искусство, 1979. – 423 с.
12. М.Әуезов, Анкетаға жауап [Мәтін] // Жұлдыз. - 1991. - №4
13. Жеменей, И. Өмірдің жалынан ұстаған... [Мәтін] / И.Жеменей / Егемен Қазақстан. – 2020, 3 тамыз.

Мақала редакцияға 07.09.23 түсті.

У.Саменкызы<sup>1</sup>, Ж.Д.Калиева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Таразский региональный университет им.М. Х. Дулати  
Тараз, Казахстан

#### ОБРАЗ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА В РОМАНЕ ПИСАТЕЛЯ Е. АЛИМЖАНА «АНАЖАР»: ИДЕЯ АВТОРА И ГРУЗ ГЕРОЯ

**Аннотация.** Главная цель литературы – изображение правды времени, общества. В XXI веке Казахстан осознал, что, хотя и избавился от 300-летнего колониального гнета Российского царства, а позже и колониализма советской эпохи, укреплять независимость, строить государство на равне с другими странами задача не из простых. Несмотря на обретение независимости, на повестке дня остро стоят экономические, социальные, национальные, моральные вопросы. Изменения статуса общества привели к кардинальным изменениям сознания народа. В сознании людей укрепились представления о частной собственности. Как и в начале 90-х годов XX века, так и сейчас формируются группы людей, которые, используя государственную собственность, стремятся обогатиться любой ценой. Ставя перед собой цель личного обогащения, подобные личности попирают такие понятия как честность и справедливость. Образно говоря, можно отметить, что жестокость и лесть, расчетливость и хитрость, жадность и неудовлетворенность идут рука об руку.



Подобные актуальные проблемы и моральные аспекты, имеющие место в XXI веке, нашли художественное отражение в романе писателя Е. Алимжана «Анажар». Указанные проблемы рассматриваются автором в художественном произведении в различных аспектах, поскольку, как создатель художественного произведения, автор подчиняет своей идее все структурные элементы текста. В качестве доказательства данной мысли можно указать на то, что автор волнующие его главы не идеи передает через героя, его судьбу. При этом герой является не только движущей силой сюжета, но и человеком, в художественной форме передающим читателю волнение писателя, его заботы и критические взгляды на общество. В статье анализируется продвижение авторской идеи сквозь призму судьбы героя, объектом анализа романа писателя на современные темы стали и другие литературно-теоретические вопросы.

**Ключевые слова:** Современное общество, роман, образ автора, герой, внутренний монолог.

U.Samenkyzy<sup>1</sup>, Zh.D.Kalieva<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>M.Kh. Dulaty Taraz regional university  
Taraz, Kazakhstan

#### THE IMAGE OF MODERN SOCIETY IN THE NOVEL «ANAZHAR» E. ALIMZHAN: THE IDEA OF THE AUTHOR AND THE BURDEN OF THE HERO

**Abstract.** The main purpose of literature is to reflect the realities of time and society. In the XXI century, Kazakhstan realized that, although it got rid of the 300-year-old colonial oppression of the Russian empire, and the colonialism of the late Soviet era, it is not easy to strengthen its independence and build a state on par with other countries. Despite the repentance of independence, economic, social, national, and moral issues are on the agenda. The changes in society have also made great changes in people's consciousness. People have formed a consciousness about private property. As in the early 90s of the twentieth century, so now those who fought for the theft and enrichment of state property have come out. They were striving for enrichment, striving for honesty, and justice. Cruelty and flattery, prudence and cunning, greed and dissatisfaction accompanied. The novel by the writer E. Alimzhan «Anazhar» describes such topical problems and moral aspects of the XXI century. In a literary work, the author is considered in various aspects. Because he, as the creator of a work of art, intervenes in all parts of the work. One of them is the reflection by the author of the main idea about himself through the hero, his fate. At the same time, the hero is not only the driving force of the plot but also a person who artistically conveys to the reader the writer's excitement, concerns, and critical views on society. The article analyzes the description of the author's idea through the fate of the hero and other literary and theoretical issues based on the writer's novel on the topic of modernity.

**Keywords:** Modern society, novel, author's image, hero, inner monologue.

#### References

1. Kupina N.A. Lingvisticheskij analiz hudozhestvennogo teksta [Linguistic analysis of a literary text]: textbook. Moscow, 1980, 75 p. [in Russian]
2. Nikolina N.A. Filologicheskij analiz teksta [Philological analysis of the text]: study guide. Moscow, 2003, 256 p. [in Russian]

3. Esin A.V. Principy i priemy analizy literaturnogo proivedeniya [Principles and techniques of literary work analysis]: study guide. Moscow, 2000, 248 p. [in Russian]
4. Shirokova N.A. Obraz avtora v hudozhestvennom proizvedenii: otrazhenie otrazhaemogo [The image of the author in a work of art: the reflection of the reflected]. Bulletin of Chelyabinsk State University. Philology. Art history. 2014, №23 (352), Issue 92. from 103-106. [in Russian]
5. A.Aytaly. Amangeldi Aitaly, kogamkairatkeri: otarsyzdanumadeniet pen rukhaniyatarkylykeledi [Amangeldy Aitaly, public figure: colonization comes through culture and spirituality]. Access mode: <http://www.ulyss.kz/news/67-bardy-bar-zhokty-zhok-dieuimiz-kieriek>[in Kazakh]
6. Alimzhan E. Anazhar. Novel. Almaty, Daur, 2019, 288 p. [in Kazakh]
7. Bayazitov B.B., Khuatbekuly E. Kazak romandaryndagy izdenister jaily zertteuler [Research on the search in Kazakh novels]. Bulletin of the Kazakh National University named after Al-Farabi. Philology Series. No.2 (170), 2018. pp.15-2 [in Kazakh]
8. Konflikt v literaturnyh proizvedeniyah [Conflict in literary works] Access mode: <https://services.selfpub.ru/poleznoe-dlja-pisatelej/konflikt-v-literaturnyh-proizvedeniyah> [in Russian]
9. Gorky M. Ədebiet turaly [About literature] Almaty, Zhazushy, 1964, 125 p. [in Kazakh]
10. Esembekov T. Hudozhestvenno-esteticheskoe znachenie dramtizma v kazahskoj proze. [The artistic and aesthetic significance of drama in Kazakh prose]. Abstract of the candidate for the degree of Doctor of Philology. Almaty, 1998, p.14 [in Russian]
11. Bakhtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva [Aesthetics of verbal creativity]. Moscow, Iskusstvo, 1979, 423 p. [in Russian]
12. Auezov M. Anketaga jauap [The answer to the questionnaire] Zvezda, No. 4, 1991 [in Kazakh]
13. Zhemeny I. Omirdin jalynynan tugan [From the flames of life...] Egemen Kazakhstan, August 3, 2020 [in Kazakh]